ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 20 қаңтар №5165-26-00-2/3055 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ESM» Скворчевская Викторя Александровна.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Д.Пайызхан.
Жауапкер өкілі І.Сұлтанғали, В.Скворчевская, Л.Скворчевский.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 24 маусымда тараптар арасында №113 санды құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарт) 1 060 000 теңгеге түзілген.

Шарттың талаптары бойынша жауапкер тапсырыс берушінің ғимаратында климаттық жабдықтарды вентиляциялық жүйелер мен жабдықтарды жөндеу/жаңғырту бойынша жұмыстарды, келісім шарт қазнашылық органға тіркелген күннен бастап 15 күн ішінде, яғни 2025 жылы 11 шілдеге дейін аяқтап беруге міндеттеме алған. Шарттың қолдану мерзімі 2025 жыл 31 желтоқсан деп белгіленген. 2025 жылы 18 қарашада жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерді орындамағандықтан, талап қоюшымен Шарт бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа Шарт бойынша міндетемелерін орындамағанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап сотқа талап қоюымен жүгінген.

Осы соттың 2026 жылғы 20 қаңтардағы ұйғарымына сәйкес, талап қоюшының жауапкерден 28 620 тенге тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабы қараусыз қалдырылған.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 27.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 20.03.2026, судья Рүстем Б. М., 21.04.2026

Талап қоюшы өкілі Д.Пайызхан шарт бойынша жауапкер өз міндеттемесін орындамауына байланысты, талапты толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілдері І.Сұлтанғали, В.Скворчевская, Л.Скворчевский, техникалық сипаттамаға сәйкес компрессор мен 3 баллон фреон сатып алғанын. Компрессорды орнатпас бұрын, біз бұл компрессордың да күйіп кететіні туралы және жабдықтың істен шығуын, бітелген капиллярлық жүйені жазбаша түрде жазып көрсетіп, техникалық ерекшелікке сәйкес жұмыстарды орындағанын, жаңа компрессор орнатқанын, жүйелерді қысып, фреонмен толтырғанын. Жаңа компрессор бір күнде жанып кеткенін көрсетіп, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор Н.Шалов талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (бұдан – әрі Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 27.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 20.03.2026, судья Рустем Б. М., 21.04.2026
5165-25-3-6/291

сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Іс материалдарына қарағанда, 2025 жылғы 24 маусымда тараптар арасында №113 санды құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес, жауапкер дара кәсіпкер «ESM» В.Скворчевская тапсырыс берушінің ғимаратында климаттық жабдықтарды вентиляциялық жүйелер мен жабдықтарды жөндеу/жаңғырту бойынша жұмыстарды, 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылы 11 шілдеге дейін орындауға міндетті болған. Талап қоюшы 2025 жылы 18 қарашада жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерді орындамағандықтан, Шартты бір жақты бұзыған. Бұдан бөлек Шарттың қолдану мерзімі 2025 жылы 31 желтоқсанда өткен.

Шарттың 4.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Орындаушы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 6.1. тармағына сәйкес, Жұмыс орындалды деп саналады Орындаушының Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

Осы аталған талаптар бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109, 117-баптарының негізінде жауапкерден талап қоюшының пайдасына сот шығыстары мен мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 27.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 20.03.2026, судья Рустем Б. М., 21.04.2026
5165-25-3-6/291

«Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ESM» Скворчевская Викторя Александровна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ESM» Скворчевская Викторя Александровнадан мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 27.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 20.03.2026, судья Рүстем Б. М., 21.04.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5165-25-3-6/291